

**А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебінің  
камқоршылық кеңесінің жиналысының хаттамасы №2**

14 желтоқсан 2019 жыл

**Қатысушылар:**

Камқоршылық кеңесінің 9 мүшесі, 1-11 сыныптың 34 ата-аналар кеңесінің төрайымдары (төрағалары);  
Мектеп басшысы Д.Ш.Кожаметов;  
Тәрбие ісінің орынбасарлары А.К.Жапарова, Е.К.Калиев.

**Күн тәртібі:**

1. «Отбасы құндылығы-татулық пен бірлікте»баяндама .  
Р.Б.Абдрахманова.
2. Жаңа жылдық мерекенің ұйымдастырылуы және өткізілуі туралы.  
Д.Ш.Кожаметов
3. Аз қамтылған, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көрсетілген көмек туралы мәлімет.  
К.Р.Балдаева

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Отбасы құндылығы-татулық пен бірлікте»баяндамасымен мектепшілік қамқоршылық кеңесінің төрайымы Р.Б.Абдрахманова тыңдалды:

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген қарапайым қағидат қай дәуірде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес. Елбасы «Отбасы – Қазақстан қоғамының дінгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» деп бұл мәселенің біздің қоғам үшін маңызын көрсетіп берді.

Тәуелсіздік жылдарында отбасы құндылықтарын нығайту бағытында қыруар шаруа атқарылды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бәсекеге қабілетті ұлт, бақытты отбасы, саналы да білімді ұрпақ қалыптастыруға бағытталған сындарлы саясатының нәтижесінде ана мен баланы қолдау бойынша бағдарламалық құжаттар, гендерлік теңдікті сақтау стратегиясы қабылданып, мемлекеттік деңгейдегі отбасылық саясатта тұтастай жүйе қалыптасты. Басқасын айтпағанда көп балалы отбасыларды әлеуметтік қорғау бағытындағы мемлекеттік жәрдемақы түрлерінің әр жыл сайын артып, көптараптың келе жатқанын аңғару қиын емес.

**Сөйледі:** Жаңа жылдық мерекенің ұйымдастырылуы және өткізілуі туралы

Мектеп-гимназия басшысы Д.Ш.Кожаметов сөйледі. Біріншіден бұйрықпен таныстырғым келеді.